

ҒТАХА 16.01.11

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430305>

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы*¹

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ. Ә.Молдағалиева даңғылы, 34, sadu_ngd@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3961-3683

ПРОФЕССОР Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімі саласында танымал ғалым Құдайберген Жұбановтың өмір жолы, ғылыми және педагогикалық еңбектері туралы баяндалған. Профессор Қ.Жұбанов - өткен ғасырдың отызыншы жылдарында ұлттық тіл білімін қалыптастыруға ерекше үлес қосқан ғалым. Ғалым өзі еңбек еткен кезеңде қазақ тілін зерттеу жұмысында алғашқы шешуін күткен мәселелерге белсене араласып, қазақ әліпбиін құрастыру, ана тілінде жазу емлесін түзеу, қазақ жазуын латын графикасына көшіру, ұлттық терминологияны қалыптастыру, қазақ тілінде оқулықтар жазу, әдістемелік еңбектер шығару сияқты т.б. ғылыми жұмыстарды жасағаны сөз болады. Оның жазған еңбектерімен танысу барысында ол қазақ тілін ғылыми тұрғыда терең зерттеуге назар аударғанын байқауға болады. Ана тілінің ішкі заңдылықтарын таныту үшін сөздің фонетика, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін, тарихи даму заңдылықтарын, терминология мәселелерін ғылыми тұрғыда талдай білгені туралы баяндалған.

Ғалымның зерттеулері қазіргі кезде де маңызды екендігі айтылған. Оның еңбектерінде тіл білімінің барлық саласы қамтылғанын, фонетика, лексика, грамматика мәселелерімен қатар, қазақ тілін оқыту әдістемесі, терминология, жазу емлесі, стилистика, аударма, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қатысты да еңбектер жазғаны айтылып, осы еңбектеріне талдау жасалған. Мақалада ғалымның «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» еңбегі, «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығы, «Қазақ тілінің програмы» бағдарламасы, «Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері», «Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу түрлері туралы», «Қазақ тіліндегі сөйлемнің құрылымы туралы», т.б. ғылыми еңбектеріне талдау жасалады.

Кілт сөздер. Тіл білімі, фонология, дауысты және дауыссыз дыбыстар, сингармонизм, буын, сөз саны, сөз тіркесі, сөйлем, терминдік қолданыстары, фонема теориясы.

Кіріспе. Биыл қазақ халқының аяулы азаматтарының бірі, есімі тарихта мәңгіге қалған біртуар тұлға, ғұлама ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың туғанына 125 жыл толып отыр. Ол өткен ғасыр басында еңбек еткен қазақ филологиясындағы алғашқы ғалымдар тобының көшбасшысы, қазақ тілі білімінің негізін салып, оның қалыптасуына өз үлесін қосқан тума талант ғалым еді. Жиырмамыншы ғасырдың басында, нақты айтқанда, 30-жылдары, қазақ тіл білімі саласындағы алғашқы проблемалар қазақ әліпбиі мен орфография заңдылықтарын негіздеу, жазуымызды араб графикасынан латын әліпбиіне көшіру, қазақ дыбыстарының саны мен фонемалық мәнін нақтылау, акустика-артикуляциялық ерекшелігіне қарай топқа жіктеу, қазақ грамматикасының теориясын жүйелеу, сөзді таптастырудың негізгі қағидаларын анықтау, қазақ тілі ғылыми категорияларына теориялық анықтама беру, ұлттық терминологияның ғылыми ұстанымдарын белгілеп, қазақы терминдер жасау, ана тілінің алғашқы оқулықтарын шығару, т.б. жұмыстарын жоғары деңгейде зерделеп, оны

жүзеге асыру істері сол тұстағы білікті маман, профессор Қ.Жұбановтың зерттеп-шешуін, қарымды еңбек етуін талап еткен еді.

Зерттеу материалы мен әдістері. Жұмыста қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаушылардың бірі профессор Қ.Жұбановтың өмір жолы баяндалып, оның ғылыми еңбектеріне талдау жасалды. Жұмыста ғалым өмір сүріп, еңбек еткен кездегі тіл біліміне қатысты мәселелер мен оның атқарған қоғамдық жұмыстары жайында мәдени жұртшылық пен ғалымдардың пікірлері негізге алынып, баяндау, сипаттама, талдау, қажет мәліметгерді саралау, салыстыру әдістері пайдаланылды. Қ. Жұбанов мұраларын ғылыми бағыттарына қарай жіктеп, топтастырып, жүйелеп ұсынуға назар аударылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Мақалада қазақ халқының өткен ғасыр басындағы әлеуметтік тұрмысы мен оқу-білім жайы ғалым Қ.Жұбанов өмір жолы арқылы көрініс тауып, ғалымның ғылыми мұрасы мен қоғамдық жұмыстарымен сабақтастырыла баяндалып, профессор Қ.Жұбанов зерттеулерінің қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының дамуына қосқан үлесін таныту мақсатында оның ғылыми еңбектеріне талдау жасалды. Мақалада ғалымның тек қазақ филологиясының талантты ғалымы ғана емес, атқарған қоғамдық жұмыстарының ауқымдылығын, оның тарихи тұлға ретіндегі еңбегі әлі де ескерілмей келе жатқандығы жұртшылық назарына ұсынылды.

Құдайберген Жұбанов 1899 жылы қазақ жерінің батыс бөлігі Орал облысындағы Темір уезінің Темір-Орқаш болысындағы Қосуақтам (қазіргі Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы Орқаш ауылында) дүниеге келді [1.9]. Жастайынан ауыл молдасы алдын көріп, араб әліпбиін жете меңгерген бала Құдайберген мешіт жанынан үш жыл ислам дінінің шариғаттарын танып, сонымен қатар араб-парсы тілдерін де терең меңгереді. Ол тек молданы тыңдаумен шектелмей, өз бетімен де ерінбей ізденіп, білімін толықтыра түсуге талаптанады. Он бестегі талапты жас 1914 жылы Орынбор қаласындағы Хұсайния медресесінде шәкірт бола жүріп, сол жерде шығыс мәдениеті мен білімін тереңірек тани түсуге мүмкіндік алып, одан соң білім жолында екі класты орыс мектебін де аяқтап, орыс тілін меңгеруінің арқасында еуропа білімі мен мәдениетімен де таныс болады. Жас дарынның осы бастапқы білімі оның кейіннен белгілі тіл маманы болуына, қазақтың тұңғыш профессоры, лингвист-ғалымы болуына ықпал етеді. Қ.Жұбанов өзінің оқу-ағарту саласындағы еңбек жолының алғашқы кезеңін Ақтөбе жерінде губерниялық оқу бөлімінің инспекторы қызметін атқара жүріп өткізеді. Оның оқу-ағарту майданындағы тынымсыз еңбегінің жарқын беттері жөнінде сол кездегі Ақтөбе облысы деңгейіндегі «Кедей» газетінің сарғайған парақтарынан оқып-білуге болады. Осы газеттің «Халық ағарту» деген айдарында «Ойыл комуне мектебі кімге тиіс?», «Басшылық күшейтілмек» деген айдарында «Мұғалімдер, зер сал, губатком, жәрдем ет», сонымен бірге оқу-білім жайын «Оқу жайындағы мұңды осы бастан ойлау керек», т.б. мақалаларында Ақтөбе жеріндегі оқу-білім мәселесін жақсарту ісінде белсенді, білімді маман ретінде танылады [2.31-34]. Қ.Жұбанов Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінде методист-инспектор бола жүріп, Ақтөбе педтехникумында да сабақ береді. Оның ұстаздық, ағартушылық қабілетін алғаш танытқан Ақтөбеде еңбек еткен кезеңдегі педагогикалық жұмысы, оның оқу орны үшін оқу-әдістемелік еңбек, бағдарлама жасау істеріне араласуы туралы мәселелер жөнінде сол кездегі мұрағаттарды жете зерттегенде ғана толық мәлімет беруге болады. Сондықтан ғалымның ұстаздық, ағартушылық қызмет жөнінде сыр тартқан Ақтөбе мұрағаттарындағы шаң басқан құжаттар өз зерттеушісін күтіп жатыр.

Ғалым 1929 жылы Ленинградтағы Шығыстану институтының түркологиялық бөліміне оқуға түсіп, акад. А.Н.Самойлович басқарған «Түркологиялық семинар» деп аталған ғылыми орталықта зерттеумен айналысып, кейіннен КСРО Ғылым академиясы

Тіл және ойлау институтындағы (қазіргі Тіл білімі институты) «Яфетидологиялық семинарға» аспирант болып ауысады [3.20-21]. Ғылымға құштар Қ.Жұбанов сол тұста жалпы тіл білімі, түркология саласында терең ғылыми білім алып, ғылыми ортаға өзін ізденімпаз дарынды түрколог ғалым ретінде таныта білген болатын. Осындай зор таланты мен ғылымға деген құштарлығы арқасында өз тұсындағы белгілі қазақ оқымыстыларымен бірге, сол кезеңнің есімі елге танылған И.И.Мещанинов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, К.К.Юдахин, А.К.Боровков сынды ірі орыс ғалымдары қазақ жерінен келген жас Қ.Жұбановты білікті ғалым, айтулы лингвист маман ретінде танып, оны жоғары бағалаған еді.

Түркітанушы Қ.Жұбанов ұлттық тіл білімінің барлық саласы бойынша құнды пікірлер айтып, зерделі зерттеулер қалдырды. Қазіргі таңда тілімізді зерттеу барысында ашылған жаңа деректер мен жаңалықтардың бастауы, алғашқы пікір Қ.Жұбанов еңбектеріне барып тірелетінін ескерсек, ғалымның көрегендігі мен ғылыми тереңдігіне тәнті боламыз. Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны – ҚазПИ-дің (қазіргі Абай атындағы Алматы ҰПУ) профессоры, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология факультеті деканы болып жұмыс жасайды. Сөйтіп ол тек қазақ тіл білімі мәселелерін зерттеумен ғана шұғылданып қоймайды, түркология проблемаларына да белсене араласады.

Қызылорда қаласында 1929 жылы өткізілген ғылыми-орфографиялық конференцияға қатысқан дарынды ғалым «Қазақ орфографиясының құрылу принциптері» атты емлеге қатысты баяндама жасап, ана тіліміздің жазу емлесін құруда негізгі ұстанатын принциптерін көрсетеді. Ал ғалымның Алматы қаласында 1930 жылы болған Қазақстанның өлкетану съезінде жасаған «Мағынасыз сөздердің мағынасы» атты баяндамасы ғылыми ортада жоғары бағаланып, нағыз түркітанушылық қабілетін көрсетеді. Қ.Жұбановтың ғылыми пікірлерінің құндылығын жоғары бағалап, осы баяндамасымен алдын-ала танысқан академик Н.Я.Марр оған жазбаша пікір берген еді [1.17].

Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің мүшесі Қ.Жұбанов сол өзі өмір сүрген кезеңдегі заман талабына сай халқының мәдениетін көтеру, оқу-білімге тарту істеріне белсене араласып, бірнеше жұмыстарды бір өзі атқарып, тынымсыз еңбектенеді. Ол институтта профессор бола жүріп, кафедра меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясы жанындағы Қазақ филиалында лингвистика секторының меңгерушісі (қазіргі Тіл білімі институты), «Қазақ тілі академиялық сөздігінің» (осы күнгі 15 томдық түсіндірме сөздіктің) бас редакторы, ҚазССР Халық Ағарту саласы жанындағы Әдістеме, бағдарлама, оқу құралдары бөлімінің (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары институты) меңгерушісі, Мемлекеттік терминология комиссиясының председателі, терминология комиссиясының бюллетенінің редакторы, Ағарту Комиссариатының коллегиясының және Ұлттар мәдениеті институтының ғылыми кеңесінің мүшесі болып, жалғыз өзі бірнеше жұмысты қатар атқара білді [3.28-44]. Қазіргі таңда үш-төрт ғылыми зерттеу институтының басшы қызметкерлері атқаратын міндетті Жұбановтың қоғамдық жұмыс ретінде бір өзі жасауы оның халық үшін ерінбей, жанын аямай еңбек еткенін танытса, екінші жағынан, сол кезеңде Жұбановтай талантты ғалым адамның жетіспеуі деп түсінуге болады.

Қазақ фонетикасындағы алғашқы ғылыми терең мәнді зерттеулер де осы Қ.Жұбанов еңбектерімен байланысты екенін де байқауға болады. Ғалым өзінің ғылыми зерттеулері барысында танымал болған «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегіндегі «Фонетика» бөлімінде қазақ анықтап, ана тіліміздегі буын құрылымын, сингармонизм заңын, екпін қызметін тілі фонетиканың да ғылыми нысанын көрсетіп, тілді фонетика-

фонологиялық ерекшелігіне қарай талдап, тілдегі дыбыстың саны мен фонетикалық сапасын, дыбыстау мүшелерінің қызметін, әліпби мен орфография, терминология, т.б. мәселелерді зерделеп, ғылыми тұжырымды пікір айтып, алғаш рет қазақ фонетикасының ғылыми курсы жазып шыққан еді. «Сыз деген сөздің дыбыстары жуан, ал «сіз» дегенде сол дыбыстар жіңішке айтылып тұр» деген сөзі нағыз фонология тілімен айтылғанын дәлелдейді. Ана тілімізді алғаш зерттеген өзге тілді оқымыстылардың еңбектерінде қазақ тіліндегі дыбыстардың құрамы мен дыбыстық сапасы жөнінде бірізді дұрыс пікір болмағаны секілді, олардың еңбектерінде қазақша терминдер де жасалмағаны белгілі еді. Орыс түркологтары қазақ тілі фонетикасы бойынша арнайы бір тақырыпқа зерттеу жүргізбегендіктен олардың қалдырған жазбаларында қазақ тілінің фонетикасы тек практикалық мақсатта ғана талданды. Ал зерек ғалым сол тұстағы ғылыми жетістіктерге сай, фонема теориясын терең меңгеруі арқылы қазақ тілінің дыбыстарын жете зерттей білді. Түркітанушы ғалым «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан» деген ғылыми көлемді мақаласында қазақ тіліндегі синтаксистің мәселелерін жалпы тарихи түркологиямен байланысты қарастырады.

Қ.Жұбанов «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген еңбегінде тіліміздегі сөйлем құрамына терең талдау жасай отырып, екі немесе одан да көп сөздердің бірігуінің нәтижесінде жалқы есім болатын құбылысқа жете назар аударып, қазіргі кезде сөйлемде анықтаушы анықталушыдан бұрын тұратын болса, тіл дамуының бір дәуірінде сөздердің осындай орын тәртібі керісінше болғанын дәлелдеп, оған мысал үшін Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Көзжақсым, Жолғұтты, Бербасар сияқты адам аттарының құрамындағы анықтаушы пен анықталатын сөздердің тіркесі бүгінгі дағдылы қалптан басқаша екендігін, қазіргі синтаксистік тәртіп тұрғысынан қарауға болмайтынын алғаш көрсеткен еді. Мұндай орналасудың қазіргі қазақ тілінің грамматикалық нормасына қайшы екендігіне Қ.Жұбановтың мысалдары арқылы анық көз жеткізуге болады. Қ.Жұбановтың аталған мақаласы арқылы қазақ тіл білімінде тілдің грамматикалық құрылысының жеке мәселесін тарихи тұрғыда зерттеген тұңғыш еңбек екенін, осы зерттеуінде ғалым тарихи-салыстырмалы әдісті де алғаш қолданушы болғанын, анықтаушы сөз бен анықталатын сөздің қазіргі орын тәртібі кейін қалыптасқанын да бірінші болып дәлелдегенін және қосымшалардың этимологиясы да терең талданғанын кезінде көрнекті грамматист ғалым Н.Оралбаева атап көрсеткен еді [4.21-29].

Профессор Қ.Жұбанов ономастика немесе жалқы есімдер мәселесімен арнайы айналыспағанымен, ол қандай да бір ғылыми ой-тұжырымын дәлелдеу барысында жалқы есімдерге, әсіресе, антропонимдік атауларға көп көңіл бөлген. Ғалымның Итбай, Қасқырбай, Түйебай, Құлыншақ, т.б. жалқы есімдер туралы пайымдаулары зерттеулерінде тілдің басқа да мәселелерімен «қабаттасып, өріліп жатыр» деуге болады. Кісі аттарының семантикасы туралы айтылған соны ойлары Қ.Жұбановтың жалпы лексикология, әсіресе семасиология аясындағы қазіргі лингвистикалық озық теориялармен ұштасып, өзектесіп жатады.

Әлеуметтік лингвистика маманы ғалым Б.Хасанұлы өз мақаласында проф. Қ.Жұбанов зерттеулерінің қазақ тіліне арналғаны рас, бірақ ол қазақ тілі негізінде тіл теориясына барлау жасаған, бұған ғалымның зерттеулері дәлел болатынын айтып, оның еңбектеріндегі сөз өзгешілігі мен сөз қызметі, сигнификация, номинация, коммуникация, атты неге қоямыз, т.б. теориялық мәселелер мен ғылыми атауларды келтіріп, оған ғылыми анықтама беруі Қ.Жұбановтың жалпы тіл теориясына да барлау жасаған ғалым екендігін атап көрсеткен еді.

Қазіргі кезеңде түрлі ғылымдар саласында қолданып жүрген терминдер Қ.Жұбанов есімімен тығыз байланысты. Ғалымның жасаған қағидаттарға сәйкестендіріліп алынған

өнеркәсіп, автор т.б. көптеген ғылыми атаулар жалғасын тауып, осы уақытқа дейін ТМД, МКК сияқты т.б. термин атаулар жасалып, өзгермей қолданыста жүр. Терминжасам шарттарын құрап, термин сөздің тұңғыш рет ғылыми анықтамасын жасап, оның лексиканың өзге қатпарларынан өзіндік ерекшелігін көрсетіп беріп, бүгінгі қазақ терминологиясының дамып, қалыптасуына Қ.Жұбановтың еңбектерінің де маңызы ерекше деп білеміз.

Ғалым Қ.Жұбанов терминжасам қағидаттарын ұсына отырып, аударма терминдерінің алғашқы кезде құлаққа ерсі естілетінін, бірақ бұл терминдердің «самаурын», «бөкебай» сөздері сияқты сіңіп кететінін ескертеді. Кейбір терминдерді аэросаниға ұқсатып, ультракүлгін, микротаразы сияқты бірқатар терминдерді интернационал сөзбен қазақтың төл сөзіне ұқсатып әдейі алып отырғанын, инфрақызыл, сила – күш, канал лучи – канал сәулесі, волна световая – жарық толқыны, т.б. атау сөздермен қатар, терминжасам қағидаттарына сәйкес түбірі сол күйінше алынып, оның жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен берілген: нормализация – нормалау, регламентация – регламенттеу секілді терминдер жөнінде өз көзқарасын ғылыми тұрғыда білдірген еді.

Тіл біліміндегі жаңа бағыттардың алғашқы көрінісін байқататын деректер ретінде Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қолданбалы тіл біліміне қатысты тұжырымдарға зер салсақ, ол кейбір деректерді сан арқылы көрсетеді. Оның бұл бағыттағы ізденісін қазіргі «Статистикалық лингвистика» деп аталып жүрген саласының бастаулары деп атауға болады. Сонымен қатар «Сөз тіркесі синтаксисі», «Мәтін лингвистикасы», «Мәтін теориясы» атты тіл біліміндегі жаңа бағыт үшін де Қ.Жұбановтың еңбектерінен мол деректер келтіруге болады. Ғалымның тіл біліміндегі гендерлік зерттеуге де бастау салғаны аңғарылады. Оның гендерлік лингвистикаға қатысты ой-тұжырымдарына келсек, ол түркі тілдеріндегі көне сөздерге талдау жасап, көне түріктер бұрын бала деген жалпы атауды «ұғлан» деп қолданып, «ер ұғлан», «қыз ұғлан» деп жыныстық ұғымды айырып атаса, «оғыл – оғлан – оғлақ – ұғыл – ұл» деген варианттар ер бала, ұлан дегенді білдіретінін, бұл сөз қыз эпитетімен бұл күнде қолданылмайтынын айтады.

Қ.Жұбановтың өз ғылыми жазбаларын тек қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де еркін жазғанын байқау қиын емес, бұдан ғалымның орыс тілін де жетік меңгергенін ғана танып қоймай, қазақ тілі ғылымын орыс тілді ғалымдарға да танытуды мақсат еткенін байқауға болады. Ол зерттеу объектісі етіп тілді ғана алмай, халқының мәдениеті, әдебиеті, өнерін де зерттеуді мақсат еткен. Оның қазақ әдебиеттану ғылымының алтын қорынан табылатын құнды еңбек, қазір де өз маңызын жоймаған, 1934 жылы жазылған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген ғылыми мақаласы бар [5.245]. Осы еңбегінде Абай тек өз ұлтының ғана емес, бүкіл Орта Азия ақындарына үлгі боларлық жол салған, тілін таза, сол кездегі өзге ақындардай араб-парсы сөздерімен тілді шұбарламай, қазақ әдеби тілін дамытуға үлес қосқан ақын екендігін дәлелдеп, әдебиеттану ғылымына да өлшеусіз із қалдырды. Әдебиеттанушы ретінде Қ.Жұбановтың қазақ әдебиетіне қатысты жазылған, ғылыми маңызы аса зор зерттеулерінің бірі «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты еңбегі [5.281]. Шығыстанушы Жұбанов бұл еңбегінде ғалым – зерттеуші ретінде түркі тілдес халықтар әдебиетінің көрнекті өкілі, сопылық әдебиеттің негізін қалаған ақын Қожа Ахмет Иассауи туралы, оның «Диуани Хикмәт» еңбегі туралы алғашқылардың бірі болып салмақты пікір айтты [5.283]. Ахмет Иассауидың бұл «Хикметі» түркі тектес халықтардың рухани мұрасы болып табылады. Қ.Жұбанов аталған еңбегінде Яссауидің ақындық талантына айрықша баға беріп, «Диуаниды» лингвистикалық әрі поэтикалық және тарихи тұрғыда терең зерттеген. Ғалым өмір сүрген ХХ ғасырдың 30-жылдарында, яғни діни идеологияға барынша жан-жақты «шабуыл үдеп» тұрған қиын-қыстау кезеңде, қазақтың ұлттық руханиятындағы Қожа Ахметтің орны, оның екі әлемнің мән-жайын сипаттайтын аталған дастаны туралы алғаш

рет ауызға алып, ғылыми ортаның назарын аударуға күш салып, Яссауи әлемінен тағылымы мол лебіз білдіруі екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлікке пара-пар іс деуге болады. Осы еңбек туралы ғалым: «Тіл зерттеу үшін де, немесе ол кездегі халқымыздың тілін зерттеу үшін де «Хикмәттен бір қатар құнды деректер табылары даусыз», - дей келіп, - «бұл еңбек жалғыз дін дәстүрлерін ғана емес, ақыл-нақыл және жағымды әлеуметтік хұлық мінездерді де үйреткен. «Диуани Хикмәт» деген кітап атының мәнісі де «Ақлият сөздердің жинағы» деген болады», - дейді [5.310]. Лингвист ғалым тіл, әдебиет проблемаларын зерделеп қана қоймай, қазақтың музыка тарихына да көз жіберді. Ғалымның музыкатану мен тіл білімін өзара байланыста қарастыра білген еңбегі- «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» [5.267]. Ол осы еңбегінде халықтың рухани мәдениетінің тарихын тануда тілдік материалдарды пайдалану жолдарын көрсетіп, өзінің тіл маманы ғана емес, музыка өнері жөнінде де білімдарлығын байқатады. Лингвист Жұбанов қазақ тіліндегі етістік категориясының зерттелуі жөнінде де ғылыми құнды ойларын қалдырды [6]. Қазақ тіліндегі *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктерінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып, қазір де қазақ тіл білімінде басшылыққа алынып жүрген ғылыми мәнді тұжырымдарын қалдырған еңбегі - «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» [5.430]. Ғалымның осы мақаласы етістік категориясын зерттеушілер тарапынан әлі де маңызын жоймағанын, автордың қазақ тілі лексика-грамматикалық заңдылықтарын өте жақсы біліп, ғылыми тұрғыда терең зерттегендігін танытады.

Мектептегі білім беру жайының білгірі Қ.Жұбанов 1936 жылы мектептің 5-6 - кластарына арнап «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығын жариялайды [5.136]. Бұл оқулықта ғалым қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисі мәселелерімен қатар, фонетика жөнінде де жүйелі зерттеу жүргізгендігін көрсетеді. Дарынды ғалым бізге жеткен «Буын жігін қалай табуға болады?», «Қосар ма, дара ма?», «К постановке исследования истории фонетики казахского языка», «Проект казахского алфавита», «К проекту реформы казахского алфавита» мақалаларында әліпби, фонетика, дыбыстың заңдылықтары туралы, «Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «К пересмотру казахской орфографии» еңбегінде емле, жазу туралы, «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», «О построении речи на казахском языке», т.б. ғылыми зерттеулерінде синтаксис жайында қазақ тілінің өзекті проблемаларын талдап, өзінің ғылыми көзқарастарын баяндады [5.581]. Ал «Термин сөздердің спецификасы жөнінде», «О специфике слов-терминов», «Физика терминдері жайынан», «Математика терминдері жөнінде», «Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией» т.б. зерттеулерінде қазақ терминологиясы проблемасы жөнінде де білгір маман екендігін танытып қана қоймай, қазіргі ғылымда қолданылып жүрген теориялық ұстанымдардың басты қазығы ғалым еңбектерінде жатқанын көрсетеді.

Ерекше талант иесінің ғалымдық және азаматтық биік тұлғасын танытатын елеулі монографиялық еңбектер де жазылды. Олардың қатарында алдымен аға буын ғалымдар Р.Сыздық, Б.Хасанұлы, М.Жұбанова, А.Тайжанов пен Б.Аханов, К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай, кейінгі кезеңде жазылған Н.А.Садуақас, М.Жазықова, т.б. авторлығымен жарияланған басылымдарды атап көрсетпекпіз. Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы бойынша 1994-2009 жылдар аралығында зерттеушілер төмендегідей тақырыптарда ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғады: Тектігүл Ж.О. «Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», Милов М.О. «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі», Садуақас Н.Ә. «Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің филологиялық негіздері», Омарова А.Қ. «Профессор Қ.Қ.Жұбановтың

етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы», Оралбай Ә. «Қ.Жұбановтың публицистикасы», Жазықова М.Қ. «Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы», Терекова Ф.Е. «Языковая личность К.Жубанова социолингвистическое освещение», Сұлтан Ж.И. «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» т.б. [3.356]. Ал магистр, аға оқытушы Әлия Ұлықпанова ғалымның әдеби мұрасы туралы оқу құралдарын жариялады.

Ғалым Қ.Жұбановтың ұрпағы туралы айтар болсақ, ғалым балалары арасынан да әке жолын жалғастырған елге танылған ғалымдар шықты. Кезінде белгілі ғалым, проф. Е.Қ.Жұбанов әкесінің туған жері-Ақтөбедегі жоғары оқу орындарында еңбек етіп, осы аймақтың ғылымын дамытуға сүбелі үлес қосқаны баршаға аян [7]. Ал Қ.Жұбановтың кенже ұлы, ғалым Асқар Жұбанов қазақ тіл білімінде корпустық лингвистика саласын дамытудағы ғылыми еңбектерімен танымал болған еді [8.47-52].

Құдайберген Жұбанов - өзі тіл маманы ғана болып қалмай, өзге де салаларға зерттеу жүргізген, қазақ әдебиеті, музыкасы, тарихы, білім беру, т.б. ғылым салаларымен де шұғылданған жан-жақты біртуар ғалым. Сонымен бірге тіл білімінің де белгілі бір саласымен ғана шектеліп қалмай, тілдің барлық теориялық мәселелері бойынша зерттеу жүргізіп, пікірін білдіріп, бірсыпыра құнды еңбектер қалдырған болатын-ды. Ерекше дарын иесінің тілдің барлық деңгейін қамтып, фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, этимология, түркология, т.б. бағытта жазған ғылыми мақалалары қазіргі таңда да өзінің ғылыми құндылығын жойған жоқ. Ғалым еңбектеріндегі теориялық тұжырымдардың, ғылыми қағидалардың өміршеңдігі, ұзақ кезеңді бастан өткерсе де, уақыт сынынан мүдірмей өтуі бүгінде кім-кімді болса да, таңдай қақтырмай қоймайды. Осы тұрғыдан келгенде, осы ерекшеліктің себебін көрсетіп, ғалымның ғылыми зерттеулерінің сырын ашып, оның маңызды болуына негіз болған жағдайларды білу де қажет етеді. Алдымен, тіл зерттеушісі Қ.Жұбанов – полиглот, шығыс-батыс тілдерін жете білген ғалым. Ол өзінің ана тіліне туыс түркі тілдерін жете біліп, оған қоса, шығыс тілдерін және еуропадағы ағылшын, неміс, француз, орыс тілімен қатар, басқа да славян тілдерін біліп, сонымен қатар жапон, қытай, монғол тілдері деректерін де өз еңбектерінде тиімді қолданғанын көреміз. Оның көп тіл білуі ғылыми жұмыстарында қазақ тілінің ерекшелігін жалпы тіл білімі деректерімен салыстыра зерттеуіне көмегі тиген. Ол жалпы тіл білімі, славян тіл білімі, шығыс тіл білімі, түркі тілдері теориясын өте терең білгендігін өзінің зерттеу еңбектерінде анық байқатады [9.279]. Сонымен бірге, зерделі ғалым өз тұсындағы әлемдік тіл білімінің озық зерттеу әдістерін жете меңгеріп, өз еңбектерінде осы тарихи-салыстырмалы тәсілді қолдану үлгісін де көрсете білді. Бұған қоса, ізденімпаз ғалымның зерттеуге, ғылыми ізденіске деген табиғатына дарытқан қабілетін, орасан зор дарындылығын қоссақ, оның ғылыми зерттеу еңбектерінің осы күнге дейін теориялық маңызы мен ғылыми мәнін жоймай келу себебін түсінуге болады. Өз кезінде лексиколог ғалым Ғ.Мұсабаев: «Құдайберген Қуанұлы өз өмірінде көп еңбек етіп, қазақ тіл білімінің іргесін қалап, түркологияға үлес қосқан, шығыстану жөнінде құнды пікір айтқан тамаша ғалым еді. Сондықтан да ол тек тілші ғана емес, жалпы шығыстану саласында мол еңбек еткен ғалымдар сапында тұрмақ», - деген еді [3.489]. Ғалымның публицистік шығармашылығының өзі бір төбе деуге болады. Оның осы бағыттағы алғашқы шығармашылық еңбектері сол кездегі дәстүр бойынша қолжазба журнал шығарудан бастау алады. 1917 жылы Күйікқала (Илецк) екіжылдық училищесінде оқыған жылдары «Тез» деген атпен қолжазба журнал шығарған екен. Ал ғылыми жұмыстармен айналысқан шағында сол кездегі белгілі газеттер «Кедей», «Алаш», «Қазақ», «Еңбекші қазақ» беттерінде әдеби бүркеншік «Қараша бала», «Шекті», «Құдайберген» есімдерімен мақалалар жариялап тұрған [2.9]. «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Әйел теңдігі», «Үлгі алындар», т.б. мақалаларынан суреткерлік, сөз

шеберлік, жазушылық талантын тануға болады. Ғалым мұрасын зерттеушілердің бірі Әмір Оралбайдың айтуынша, Қ.Жұбанов отызыншы жылдары елге танымал, беделді басылымдардың бірі болған «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы қызметін де атқарған. Бұл жөнінде архивте Қазақстан Ағарту комиссарының орынбасары Аюпов 1937 жылдың 10 қарашасында қол қойған №1674 бұйрық сақталған екен [2.55].

Данышпан жазушы М.Әуезов өзінің естелігінде: «Жұбанов Құдайберген - стилі жатық, тілі орамды, терең білімді, мейлінше шебер жазатын адам. Оның публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларымен байланысты өрісі кең, білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей ұштасып жататын-ды», - деп жазған болатын [10.358]. Ерекше дарын иесі Қ.Жұбановтың қалдырған ғылыми мұрасын талдап, зерделеу нәтижесінде оның ғалымдық асқар тұлғасын танып қана қоймай, оның елін, халқын сүйген, осы жолда ештеңеден де қаймықпайтын батыл жан екендігін байқауға болады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы солақай саясаттың құрығына жазықсыз іліккен А.Байтұрсынұлындай дара тұлғаны ғалым Жұбанов ерекше құрмет тұтқан еді. Сол кезеңде «Алфавит құрудың математикалық формуласы» жайында жазылған Н.Ф.Яковлев еңбегіндегі жаңалық шын мәнінде А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін жасауда қолданған амалы еді. Бұл шындықты ашық айтып, осы ғылыми жаңалықты заңсыз иеленіп кетуді «ғылыми плагиат» деп ашық сынаған да Қ.Жұбанов екендігін айтпақпыз [5.480]. Осы мәселеге байланысты еңбегінде ғалым А. Мектептегі: «Жұбановтың ащы шындықты тіке айтуы ол кезең тұрғысынан жүрек жұтқандық, ерлік еді», - деп дәл бағалады [11.166]. Қ.Жұбановтың тағы бір адамдық үлкен жүрегін, ерлік ісін 1934 жылы жазылған Абай туралы зерттеуіне байланысты айтуға болады. Бұл еңбектегі ғалымның ғылыми құнды ойлары бір төбе болса, сол кезеңдегі саясат Абайды зерттемек түгіл, оның атын айтуды қолдамай тұрған кезінде өз заманынан озып, дана Абай туралы танымның тар құрсауын бұзып, ғылыми арнасын кеңейтіп, соқыр, солақай көзқарастағыларға «Абайды кейін ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, оны табалдырықтан шығарып тастаушылар» деп соққы беріп, Абайтану ғылымының болашағына алғашқы жол салған батыл жан Қ.Жұбанов ісі кейінгілерге үлгі боларлық үлкен ерлік деп айта аламыз.

Халқының аяулы азаматы Құдайберген Қуанұлы Жұбановты 1937 жылғы репрессия кезінде қамауға алғанда айыптау ісі жүргізілген іс-қағаздары осы күнге дейін мемлекеттік қауіпсіздік мекемесінің мұрағаттарында сақталған екен. Осы іс-қағаздары папкасында Қ.Жұбановтан жауап алған Тұтқынның сауалнамасы, Тінту жүргізу протоколы, оны тұтқындау анықтамасы, Қамауға алу туралы ордер, Семья құрамы, тағы басқа тақырыпта жазылған айыптау құжаттарының тіркелгенін көреміз. Тұтқынның сауалнамасы деген папкада ғалымға жала жауып, оңшыл троцкистік ұлтшыл, антисоветтік ұйымның мүшесі, іріткі салушы, т.б. ойдан шығарылған заңсыз жаламен айыптаған. Ал Қамауға алу туралы №1022 ордерде Құдайберген Жұбановты тінтіп, қамауға алуға бұйрық шығарылып, оны Красин көшесіндегі 47-үйде тұрады деп көрсетіліпті. Осындай іс қағаз арасындағы «Семья құрамы» деген жерде «әйелі Раушан -38 жаста, үлкен қызы Мүсіліма -13-те, ұлы Ақырап -11-де, ұлы Есет -9 жаста, ортаншы қызы Қызғалдақ – 4-те, қызы Қырмызы -2 жаста, кіші ұлы - (атын білмеймін) деген мәлімет бар екен [3.46]. Кенже ұлы Асқар дүниеге келген күні Құдайберген Жұбанов тұтқынға алынғандықтан кенжесінің атын да білмей кеткені өкінішті еді. Сонымен бірге осы балаларының әке атына сай болып, елге танымал азамат болғанын да көрмеуі өте өкініш еді.

Зор таланттың, үлкен қабілеттің, білімнің арқасында Құдайберген Қуанұлы өзі өмір сүрген қысқа уақыттың ішінде қазақ тіл білімінің әр саласынан құнды-құнды ғылыми

еңбектер жазып, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалауға қомақты үлес қосты. Қазіргі кезеңде ғылымда белсенді зерттеле бастаған тіл білімінің әлеуметтік, гендерлік, психолінгвистика, когнитивті, лингвомәдени тілтанымы, т.б. салаларына қатысты деректер де Қ.Жұбанов еңбектерінде алғаш көрініс тапқандығы осы күнгі зерттеушілер тарапынан жиі айтылып келеді. Оның өткен ғасыр басында тілге қатысты айтқан терең ғылыми әрі философиялық көзқарастары бүгінгі кездегі лингвистиканың жаңа, тың салаларымен астасып жатыр [3.346]. Проф. Қ.Жұбанов қазақ жазуындағы латын графикасына негізделген алғашқы қазақ әліпбиін жетілдіруге көп үлес қосты. Алғашқы қолданыстағы латын негізді қазақ әліпбиімінде 33 әріп болса, Жұбанов өзгертіп ұсынған жобада 25 әріп, бір дәйекші болды [1. 504].

Қорытынды. Мақалада өткен ғасырдың отызыншы жылдары қазақ тіл білімінің қалыптасуына үлес қосқан алғашқы ғалымдардың бірі, профессор Құдайберген Жұбановтың ғылыми еңбектері мен оның атқарған қоғамдық негіздегі мемлекеттік деңгейдегі маңызды жұмыстары жөнінде талдау жасалды. Ғалымның қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы еңбектеріне байланысты теориялық мәселелер баяндалды. Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасы, тарихи лексикология, грамматикаға, терминдік атауға, жалқы есімдерге, функционалды грамматикаға байланысты тұжырымдары бүгінгі таңдағы осы саладағы ғылыми жетістіктеріміздің бастауы деп есептеледі. Оның тілдік емес құралдар, бейвербалды амалдарға, яғни паралингвистикаға, әлеуметтік, гендерлік, когнитивтік тіл білімі бағыттарына қатысты пайымдаулары бүгінгі әлем тіл білімінде кең таныла түскен антропологистикалық бағыттағы жаңа зерттеулермен де ұштасып жатқандығын байқатады. Қ.Жұбановтың педагогикалық, психолінгвистикалық және журналистік саладағы еңбектерінің де ғылыми сипаты терең. Ол қазақ лингвистикасында тілдік құралдарды танымдық тұрғыдан зерттеудің де жолын көрсете білген. Ғалым әдебиеттану саласында, Абайтану, Яссауитану, музыкатану бағыттарында да өз қолтаңбасын қалдырды.

Қ.Жұбанов туралы, оның азаматтық келбеті, ғылымдағы орны туралы, жазылған жақсы лебізге толы мақалалар өте көп. Әр кезде жазылған осындай ғылыми танымдық және тағылымдық мәні зор мақала авторлары ретінде белгілі тілші ғалымдар І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, Ө.Қайдаров, Р.Сыздық, Қ.Есенов, Б.Әбілқасымов, Т.Жанұзақов, Б.Хасанов, Ө.Айтбаев, Н.Уәлиев, Ә.Жүнісбеков, Ж.Манкеева т.б. және әдебиет саласының майталман мамандары М.Әуезов, М.Қаратаев, Ө.Тәжібаев, Х.Есенжанов, Б.Кенжебаев, М.Мырзахметов, т.б. есімдерін атап кетуге болады. Ғалым еңбектері туралы педагогика, философия, тарих, саясаттану т.б. сала мамандарының айтқан құнды пікірлері де өз алдына бір төбе деуге болады. Қазіргі таңда туған жері Ақтөбе облысында Құдайберген Жұбанов есімімен аталатын көше, мектеп және жоғары оқу орны бар. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жұмыс жасайтын Жұбановтану ғылыми зерттеу орталығы жұмыс жасайды. Оқу ордасында ғалымның өз немересі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ардақ Есетқызы Жұбанова да еңбек етеді. Осы оқу орнында ғалым мұрасы негізінде Жұбанов тағылымы атты халықаралық ғылыми конференция өткізіп тұру ісі дәстүрге айналған. Сондықтан біз Ақтөбе-Мұғалжар топырағында дүниеге келген, кейінгі ұрпаққа құнды ғылыми еңбектерін мұра етіп қалдырған ерекше туыс Қ.Жұбановты бүкіл қазақ халқы тума талант ғалым ретінде құрмет тұтатынын мақтаныш етеміз. Профессор Қ.Жұбановты қазіргі таңда еліміз тек қазақ филологиясының талантты ғалымы ретінде ғана таниды, ал оның атқарған мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарының ауқымдылығын, өткен ғасыр басында қазақтың ел болып жатқан алғашқы кезеңінде жалғыз өзі қоғамдық негізде мемлекеттік маңызды бірнеше салаларда қатар еңбек еткенін, сондықтан оның тарихи тұлға ретіндегі еңбегі әлі де ескерілмей келе жатқандығын да алдағы кезде әлі де нақты

зерттеулермен таныта түсу қажет деп есептейміз. Оның ғылыми мұрасы келесі ұрпаққа да қызмет ете береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.
- 2 Оралбай, Ә. Құдайберген Жұбанов- публицист. [Текст] / Ә. Оралбай – Ақтөбе: «Толғанай-Т», 2006. – 207 б.
- 3 Құдайберген Жұбанов [Текст] // Жалпы редакц. Басқарған М.Малбақов. – Алматы: «Шафран» ЖСШ, 2013. – 528 б.
- 4 Оралбаева, Н. Қазақ-совет тіл білімінің негізін қалаушы [Текст] / Н. Оралбаева // Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған ғылыми конференция (19 желтоқсан, 1989) материалдары: Алматы, 1990. – 21-29 б.
- 5 Жұбанов, Қ. Шығармаларының толық жинағы. [Текст] / Қ. Жұбанов – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. – 584 б.
- 6 Садуакас, Н.А., Қондыбай, К.Ә. Қ.Жұбанов және егістік категориясының зерттелуі [Текст] / Н.А. Садуакас, К.Ә. Қондыбай // «Ғылым. Әйел. Қоғам» Қазақстандық ғалым әйелдер қоғамы журналы. – 2021. – №4 (8). – 86-93 б.
- 7 «Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы» [Текст] // ҚР БЖҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Абай атындағы Қазақ ҰПУ, Еуразия ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 120 жыл және оның ұлы ф.ғ.д., профессор Есет Жұбановқа 90 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (19.XII.2019). – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2019. – 296 б.
- 8 Садуакас, Н.А., Милов, М.О. Асқар Жұбанов және қолданбалы тіл білімінің дамуы [Текст] / Н.А. Садуакас, М.О. Милов // «А. Жұбанов оқулары» тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында «Қазақ тілінің ақпараттық кеңістігі және ұлттық корпусар құрастыру тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы: ЖК «Асыл» баспасы, 2022. – 47-52-б.
- 9 Садуакас, Н.А., Садықова, І.Қ. Құдайберген Жұбанов – полиглот ғалым [Текст] / Н.А. Садуакас, І.Қ. Садықова // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Н.И.Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік аграрлық университеті, Самара басқару институты ұйымдастырған «ЕАЭО шеңберіндегі ұлттық экономиканың бәсекелестік деңгейін арттыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. III бөлім. (17.03.17 ж.). – Орал: БҚИТУ баспасы, 2017. – 279-282 б.
- 10 Әуезов М. Ірі оқымысты 20 томдық шығармалар жинағы. 20- том. [Текст] / М. Әуезов – Алматы: «Жазушы», 1985. – 413 б.
- 11 Мектеп-тегі, А. Қазақ жазуының қасиеті мен қасіреті [Текст] / А. Мектеп-тегі, // «Жалын» журналы, 1996. – №1, 2. – 152-170-б.

REFERENCES

- 1 Zhubanov, K. Kazakh tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language.]. Almaty: «Gylym», (1999): 581 b. – [in Kaz]
- 2 Oralbai, A. Kudaibergen Zhubanov – publitsist. [Kudaibergen Zhubanov is a publicist.]. Aktobe: «Tolganai-T», (2006): 207 b. – [in Kaz]
- 3 Kudaibergen Zhubanov [Kudaibergen Zhubanov]. Almaty: «Shafran» ZhSSh, (2013): 528 b. – [in Kaz]

4 Oralbaeva, N. Kazakh -sovet til biliminin negizin kalaushy [Founder of Kazakh-Soviet linguistics]. Professor Kudaibergen Zhubanovtyn tuganyna 90 zhyldygyna arналган gylymi konferentsiya (19 jeltoksan,1989) materialdary. Almaty, (1990): 21-29 b. – [in Kaz]

5 Zhubanov, K. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy [A complete collection of his works.]. Aktobe: «Zhubanov universiteti» baspasy, (2019): 584 b. – [in Kaz]

6 Saduakas, N.A., Kondybai, K.A. K.Zhubanov zhane etistik kategoriyasynyn zerttelui [K. Zhubanov and the study of the verb category]. «Galym. Aiel. Kogam» Kazakhstandyk galym aielder kogamy zhurnaly. Almaty, (2021): №4 (8), 86-93 b. – [in Kaz]

7. «Uly dala tulgalary: Zhubanovtar tagylymy zhane zhazu reformasy» [People of the Great Steppe: the lessons of Zhubanov and the reform of writing]. KR BjGM A.Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty, Abai atyndagy Kazakh UPU, Euraziya gylimi-zertteu instituty uymdastyrgan professor Kudaibergen Zhubanovtyn tuganyna 120 zhyl zhane onyn uly f.g.d., professor Eset Zhubanovka 90 zhyl tolyuna arналган halykaralyk gylimi-teoriyalyk konferentsiya materialdary. (19.XII.2019). Almaty: «Kazakh kitabı» baspasy, (2019): 296 b. – [in Kaz]

8 Saduakas, N.A., Mirov, M.O. Askar Zhubanov zhane koldanbaly til biliminin damuy [Askar Zhubanov and the development of Applied Linguistics]. «A. Zhubanov okulary» turakty gylimi tiltanyndyk alan aiasynda «Kazakh tilinin akparattyk kenistigi zhane ulttyk korpustar kurastyru tazhiribesi» atty khalykaralyk gylimi-teoriyalyk konferentsiya materialdary. Almaty: ZhK «Asyl» baspasy, (2022): 47-52 b. – [in Kaz]

9 Saduakas, N.A., Sadykova, I.K. Kudaibergen Zhubanov – polyglot galym [Kudaibergen Zhubanov-polyglot scientist]. Batys Kazakhstan innovatsiyalyk-tekhnologiyalyk universiteti, N.I.Vavilov atyndagy Saratov memlekettik agrarlyk universiteti, Samara baskaru instituty uymdastyrgan «EAEО shenberindegi ulttyk ekonomikanyn basekelestik dengeiin arttyru» atty halykaralyk gylimi-praktikalyk konferentsiyasynyn materialdary. III bolim. (17.03.17 zh.). Oral: BKITU baspasy, (2017). – 279-282 b.

10. Auezov M. Iri okymysty // Auezov M. 20 tomdyk shygarmalar zhinagy. 20- том.- Almaty: «Zhazushy», 1985.- 413 b. – [in Kaz]

11. Mektep-tegi, A. Kazakh zhazuynyn kasirti men kasireti [The nature and tragedy of the Kazakh script]. «Zhalyn» zhurnaly, (1996): №1, 2, 152-170 b. – [in Kaz]

ВАЖНОСТЬ ТРУДЫ ПРОФЕССОРА К. ЖУБАНОВА

Аннотация. В статье рассказывается о жизненном пути, научных и педагогических трудах известного ученого в области казахского языкознания Кудайбергена Жубанова. Профессор К. Жубанов - ученый, внесший особый вклад в формирование национального языкознания в тридцатые годы прошлого века. В период своего существования ученый принимал активное участие в изучении казахского языка, ожидая своего первого решения в работе, таких как составление казахского алфавита, коррекция орфографии на родном языке, Перевод казахского письма на латинскую графику, формирование национальной терминологии, написание учебников на казахском языке, издание методических трудов и др. При ознакомлении с его произведениями можно заметить, что он обратил внимание на глубокое научное изучение казахского языка. Для проявления внутренних закономерностей родного языка изложено умение научно анализировать фонетические, лексико-грамматические особенности слова, закономерности исторического развития, проблемы терминологии.

Утверждается, что исследования ученого важны и сегодня. В его трудах освещены все области языкознания, наряду с вопросами фонетики, лексики, грамматики, методики преподавания казахского языка, терминологии, орфографии, стилистики, перевода,

казахской литературы и культуры, проведен анализ этих трудов. В статье представлены труд ученого «Лекции по научному курсу казахского языка», учебник «Грамматика казахского языка», программа «Программа казахского языка», «Некоторые проблемы орфографии и грамматики казахского языка», «О формах сочинения слов в казахском языке», «О построении речи на казахском языке» и др. анализ трудов.

Ключевые слова. Лингвистика, фонология, гласные и согласные, сингармонизм, слог, количество слов, фраза, предложение, использование терминов, теория фонем.

PROFESSOR KUDAIBERGEN KUANULY ZHUBANOV

Abstract. The article describes the life path, scientific and pedagogical works of Kudaibergen Zhubanov, a well-known scientist in the field of Kazakh linguistics. Professor K. Zhubanov is a scientist who made a special contribution to the formation of national linguistics in the Thirties of the last century. During his work, the scientist actively participated in the problems that he expected to solve first in the study of the Kazakh language, such as the compilation of the Kazakh alphabet, correcting the spelling of writing in his native language, translating the Kazakh script into Latin graphics, forming national terminology, writing textbooks in the Kazakh language, publishing methodological works, etc. it will be said that he did scientific work. During the acquaintance with the works written by him, it can be seen that he paid attention to a deep scientific study of the Kazakh language. He was able to scientifically analyze the problems of phonetics, lexical and grammatical features of the word, the laws of historical development, terminology to demonstrate the internal laws of the native language.

It is noted that the scientist's research is still relevant today. It is noted that his works cover all areas of linguistics, he wrote works on phonetics, vocabulary, grammar, as well as methods of teaching the Kazakh language, terminology, spelling, Stylistics, translation, Kazakh literature and culture. The article analyzes the scientific works of the scientist "lectures on the scientific course of the Kazakh language", the textbook "Grammar of the Kazakh language", the program "Program of the Kazakh language", "Some problems of spelling and grammar of the Kazakh language", "About the formation of speech in the Kazakh language", etc.

Key words. Linguistics, phonology, vowels and consonants, singarmonism, syllable, word number, phrase, sentence, term uses, phoneme theory.